

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,
ассоц. профессор
К.К. Елемесов
«14» 05 2019ж

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНТУ им. К.И. Сатпаева»
Горно-металлургический
институт им. О.А. Байконурова

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «БУ 3Д - 76 бұрғылау қондырғысында қолданылатын 4ВУ - 5/9
поршеньді компрессор құрылымын жетілдіру»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Мұратханова Ақбота Ардаққызы

Ғылыми жетекші

лектор: Басқанбаева Динара Жұмабайқызы

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»



Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Мұратханова Ақбота Ардаққызы

Тақырыбы: «БУ 3Д - 76 бұрғылау қондырғысында қолданылатын 4ВУ - 5/9 поршеньді компрессор құрылымын жетілдіру»

Университет басшысының "08" қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «20» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Қысымы 8 кгс/см², қуаты 33 кВт болатын 4ВУ – 5/9 компрессоры.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: 4ВУ – 5/9 компрессорының арналуы және құрылымы. 4ВУ – 5/9 компрессорлық қондырғысының жұмысы;

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: беріктікке есептеу, техникалық ұсыныс, 4ВУ – 5/9 компрессорының клапанын жетілдіру, есептеу;

в) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

г) Экономикалық бөлімі: жобаланатын қондырғының экономикалық, пайдалану тиімділіктерін салыстыру.

Сызба материалдар тізімі (6 парақ сызбалар көрсетілген)

1. 4ВУ – 5/9 компрессорының жалпы көрінісі; 2. 4ВУ – 5/9 компрессорының клапанының сызбасы ; 3. Қақпақ сызбасы; 4. Төлке сызбасы; 5. Жинақ сызбасы; 6. Серіппе сызбасы .

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 15 атау.

АНДАТПА

Дипломдық жобада танымал техникалық, конструктивті және ұйымдастырушылық шешімдер негізінде 4ВУ - 5/9 поршеньді компрессорының клапанының дизайнына жаңғырту жасалды.

Есептеу бөлімінде компрессордың шатуны есептелінді. Сонымен қатар жетілдірілген конструкцияның клапанының тораптарына және компрессор клапанының цилиндрлі бұрандалы серіппесіне есептеу жүргізілді.

Жобаның экономикалық бөлімінде техникалық ұсынысты іске асырудың экономикалық тиімділігін есептеуді қамтиды.

Еңбекті қорғау және Қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінде аварияларды, кәсіптік ауруларды және қоршаған ортаның ластануын болдырмауға арналған әзірленген іс - шаралар кешені қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте на базе известных технических, конструктивных и организационных решений был решен комплекс задач по модернизации конструкции клапанов поршневого компрессора 4ВУ – 5/9.

В расчетной части был рассчитан шатун компрессора, и сделан расчет узлов клапана усовершенствованной конструкции, а также расчет цилиндрической винтовой пружины клапана компрессора.

Экономическая часть включает расчет экономического эффекта от внедрения технического предложения.

В разделах «Охрана труда» и «Охрана окружающей среды» разработан комплекс мероприятий на предотвращение аварий, профессиональных заболеваний и загрязнений окружающей среды.

ANNOTATION

In the diploma project on the basis of well - known technical, structural and organizational solutions was solved a set of tasks to modernize the design of the piston compressor valves 4B - 5/9.

In the design part, the compressor connecting rod was calculated, and the calculation of the valve assemblies of the improved design was made, as well as the calculation of the cylinder screw spring of the compressor valve.

The economic part includes the calculation of the economic effect of the introduction of technical proposals.

In the sections "Occupational safety" and "Environmental protection" developed a set of measures to prevent accidents, occupational diseases and environmental pollution.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Техникалық бөлім	6
1.1 Технологиялық жабдықтың сипаттамасы	6
1.2 Компрессордың негізгі техникалық сипаттамалары	6
1.3 Компрессор мен оның тораптарының құрылымы мен жұмыс істеу принципі	8
1.4 Бұйымның құрамдас бөліктерінің құрылысы және жұмысы	11
1.5 Компрессорды автоматты басқару және авариялық қорғау жүйесі	13
2 Есептік бөлім	18
2.1 Шатунның беріктігін есептеу	18
2.2 Клапан тораптарының озық дизайнын есептеу	20
2.2.1 Компрессорлық клапанның цилиндрлі серіппесін есептеу	20
2.3 Клапанды есептеу	24
3 Арнайы бөлім	26
3.1 Техникалық ұсыныстың сипаттамасы	26
4 Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау бөлімі	28
4.1 Қауіпсіздік шараларын көрсету	28
4.2 Компрессорды сынау	29
5 Жобаның экономикалық тиімділігі	32
5.1 Жабдықты жаңарту бойынша амортизацияны есептеу	32
5.2 Өндірісте жаңа техниканы енгізудің экономикалық тиімділігін анықтау	32
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер	
Қосымша А	
Қосымша Б	

КІРІСПЕ

Компрессор – ауаны, газдарды, буды тиісті қысымға дейін сығатын құрылғы. Бұл, гидравликалық машина, сорғы қозғалтқышынан алған механикалық энергияны сығылған газдың потенциалдық энергиясына және жылуға түрлендіреді.

Жұмыс істеу принципі бойынша компрессорлар екі үлкен топқа бөлінеді:

- Көлемдік;
- Динамикалық.

Көлемдік компрессорлардың жұмыс істеу қағидасы жұмыс камерасының көлемін үлкейтуге негізделген. Қазіргі таңда көлемдік компрессорлардың он шақты түрі бар. Олардың ішіндегі кең таралғандары : поршендік, роторлы, роторлы - пластинкалы, және т.б. Ең көп тараған түрі – поршеньді. Жұмыс мүшелерінің қозғалуына байланысты поршеньді компрессорлар екі түрге бөлінеді: қозғалыс механизмді, еркін. Қозғалыс механизмді компрессорды айрықша және моноблокты етіп екі топқа бөлуге болады.

Поршеньді компрессорлар цилиндрлерінің орналасуына қарай тік, көлденең және V тәрізді болып келеді. Өндірісте өнімділігі 500 м³/мин дейін, ал туындататын қысымы 5 МПа - ға дейін компрессорлар қолданылады. Қосарлы іс - әрекетте компрессорларда газ поршеньнің екі жағынан да сығылады. Қысымды 6 - 8 есе арттыру үшін көп сатылы поршеньді компрессорлар қолданылады. Оларда газ бірнеше цилиндрде сығылады. Компрессорлардың цилиндрлері мен сатылар аралығында газ біршама салқындап үлгереді, сондықтан компрессорларды жетектеуге энергия шығыны азаяды да, майлау майының тұтанып кетпеу қауіпсіздігі камтамасыз етіледі. Газдар химиялық белсенді болса, диафрагмалы компрессорлар қолданылады, оларда поршень міндетін майлауды қажет етпейтін иілгіш диафрагма (мембрана) атқарады. Қысым 0,8 Мпа - ға дейін болса, құрылымы қарапайым, өлшемі шағын тілімшелі ротациялық компрессорлар, көп көлемде газ алу үшін орта тепкіш компрессорлар (немесе турбокомпрессорлар) қолданылады. Осьтік компрессорлар жоғары өнімді әрі тиімді. Сонымен қатар мұндай компрессорлар көп сатылы болып келеді, өйткені бір сатыдағы қысымның артуы 1,2 - 1,3 - тен аспайды. Осьтік компрессорлар ортадан тепкіш құрамалы компрессорлардың бірінші сатылысы ретінде де саналады.

1 Техникалық бөлім

1.1 Технологиялық жабдықтың сипаттамасы

4ВУ - 5/9 ауа компрессоры және оның модификациялары әр түрлі өнеркәсіптік объектілерді 8 кгс/см^2 - ге дейінгі шамадан тыс қысыммен сығылған ауамен жабдықтау және берілген шектерде олардың қысым жүйелерінде автоматты қолдау үшін арналған.

Компрессор индексінде әріптер мен сандар: 4 - компрессордың жолдарының саны; В - сығылған ауа газы; У – компрессор типі (бұрыштық); V - тәрізді; 5 - сору шарттары бойынша көлемді өнімділік, $\text{м}^3/\text{мин}$; 9 - соңғы абсолюттік қысым, кгс/см^2 .

1.1 Кесте - Электроқозғалтқыш

Электроқозғалтқыш маркасы	4AM250S7Y3 (Y2)
Типі	үшфазалы, асинхронды, қысқа тұйықталған ротормен
Қуаты, кВт	37
Кернеу, В	220/380
Айналу жиілігі, C^{-1} (мин^{-1})	12,33 (740)
Жиігілігі, Гц	50

1.2 Кесте - Компрессордың негізгі техникалық сипаттамалары

	Көрсеткіштің атауы	Параметрі
1	Сору шарттары бойынша өнімділік, $\text{м}^3/\text{мин}$.	$5,0 \pm 0,25$
2	Компрессор білігінің номиналды айналу жиілігі, айн/мин	740
3	Компрессор муфтасындағы номиналды қуаты, кВт, артық емес	33
4	Бастапқы ауа қысымы	атмосфералы
5	Номиналды шамадан тыс қысым, кгс/см^2	8
6	I дәрежелі ауа қысымының шамадан тыс болуы, кгс/см^2	1.7...2,2
7	Сорылатын ауаның температурасы 20°C кезінде I және II сатыдан кейінгі ауа температурасы, $^\circ\text{C}$ - тан жоғары емес	165

1.2 кестенің жалғасы

8	Типі	поршеньді, V-ұқсас, төрт қатарлы, екі сатылы, қарапайым әрекет
9	Поршень жүрісі, мм	120
10	Цилиндрлер саны : I сатыда; II сатыда	2; 2
11	Цилиндрлер диаметрі, мм: I сатыда; II сатыда	210; 125
12	Салқындату	Ауа арқылы
13	Май жүйесі	аралас: қысыммен және шашырату
14	Майлайтын май	Өнеркәсіптік И - 50А немесе И - 40А МЕСТ 20799 - 88 (алмастырғыштар-компрессорлық 1С – 19МЕСТ 1861 - 73. МС - 6ОСТ3801279 - 82, МС - 20 МЕСТ 21743 - 76)
15	Май жүйесіндегі қысым, кгс/см ²	1,0...5,0
16	Картерге құйылатын майдың мөлшері, л, артық емес	17...50
17	Май құюсыз компрессор жұмысының ұзақтығы, сағ, артық емес	100
18	Майды жылыту жүйесінің қуаты, кВт	2
19	Компрессордың майды өзгертпей жұмыс істеу ұзақтығы, жыл, артық емес	1000
20	Өнімділікті реттеу	Компрессорды автоматты іске қосу - тоқтату немесе I дәрежелі соруға II дәрежесіндегі айдамадан ауаны қайта жіберу
21	Повод	Электр қозғалтқышынан серпімді байланысы арқылы
22	Біліктің айналу бағыты	Оң (сағат тілі бойынша)
23	Автоматиканың біріздендірілген жүйесі	*
	Қоректік ток кернеуі, ток жиілігінде В, Гц	220; 50
	Тұтыну қуаты ; Вт, артық емес	10

1.3 Компрессор мен оның тораптарының құрылымы мен жұмыс істеу принципі

Компрессордың негізгі құрамдас бөлігі қозғалысқа келтірілген КМ компрессоры болып табылады. Компрессорда: ауаны атмосфералық қысымнан 10 кгс/см^2 қысымына дейін екі сатыда ретпен сығылады.


Ауа механикалық қоспалардан тазартылатын ауа сүзгісі арқылы компрессор дәрежесіндегі цилиндрлерге сорылады, сығылады, тоңазытқышта аралық салқындатылады, онда бір мезгілде ауадан ылғал мен май бөлінетін конденсат тоңазытқыштың төменгі қақпақтарында жиналады. Конденсаттан тазартылған ауа II дәрежелі цилиндрге келіп түседі, онда соңғы қысымға және кері клапан арқылы сыртқы желіге тұтынушыға түседі.



1 Сурет - Компрессорлық қондырғының жалпы түрі

Компрессор келесі негізгі тораптардан тұрады: картер, цилиндр блоктары, иінді білік, шатундар, поршеньдер, клапанды бастиектер және желдеткіш.

Компрессордың жұмыс істеу принципі мыналардан тұрады: серпімді муфта арқылы жетектен қозғалысқа келтірілетін компрессор ауаны ауа сүзгілері арқылы сорады және аралық тоңазытқышта салқындатылатын I және II сатылы цилиндрлерде сығылады, сығылған ауаны ресиверге айдайды, ол тұтынушыға келіп түседі.



1 – тоңазытқыш; 2 - компрессор; 3 - газ құбыры; 4 - желдеткіш қоршауы; 5 - рама; 6 - маховикті қоршау; 7 - эластикалық муфта; 8 - электр қозғалтқышы; 9 - басқарудың біріздендірілген жүйесі

2 Сурет – 4ВУ – 5/9 компрессоры

Компрессор тораптарының құрылысы

Құймалы, шойынды, қатты конструкциялы картердің иінді білікті орнату үшін - екі шөгіндісі, шатундардың төменгі бастарына қол жеткізу үшін - екі люгі және цилиндрлерді орнату үшін жоғарғы бөлігінде екі жапсырма жазықтығы бар.

Картерде атмосфералы қысымды теңестіру және май құю үшін сапун орнатылған.

– Болат иінді білік (жоғары беріктігі бар шойыннан жасалған) біліктердің 180° бұрылу бұрышы бар, екі білікті болады. Біліктің шатунды мойны беттік шыңдауға ұшырайды. Инерция күштерін теңестіру үшін иінді біліктің бетінде қарсы салмақ бекітіледі.

Біліктің ұшында желдеткіш жетегі үшін шкив бір жағында, екінші жағында маховик орналасқан. Иінді біліктің мойындарында жоғарғы бастары I және II сатылы поршеньдермен қосылған екі шатун орналасқан.



3 Сурет - Иінді біліктің жалпы түрі

– Шатундар екі таврлы қималы қалыпталған болаттан жасалған. Шатунның жоғарғы басы нығыздалған қола төлкеден ажырамайды. Ал төменгі басы ауыстыруға болатын немесе баббиттан құйылған төлкелермен ажырайды. Төменгі бастың қақпағына май түсетін түтік орнатылады.

Шатундар иінді біліктің айналмалы қозғалысын поршеньдердің бұрылмалы - үдемелі жүрісіне айналдыруға арналған. Шатунның жоғарғы және төменгі бастары құбырмен жалғанады. Шатунның жоғарғы басы будың үйкеліс аймағына май құюға арналған төрт тесігі бар сығымдалған қола төлкемен бөлінбейді.

Төменгі басы баббит құймасы бар ажыратқыш, иінді біліктің шатун мойынына шплинты гайкалары бар екі бұрандамамен бекітіледі. Төсемдер жиынтығы пайдалану процесінде шатун жұптарының аралығы иінді біліктің мойынын реттеу үшін қызмет етеді.




4 Сурет - Шатун

– Поршенді саусақтар қуыс түрінде сыртқы бетін шынықтыру және жылтырату арқылы жасалады. Саусақтардың осьтік орын ауыстыруларынан серіппелі тоқтатқыш сақиналар ұсталады.

Поршеньдер – I және II сатылы шойыннан құйылған. Поршеньдердің екі поршеньді сақиналары және екі май алмалы - салмалы поршеньді сақиналары болады. I дәрежелі және II дәрежелі цилиндрлер шойыннан жасалған блоктар түрінде сыртқы беті бойынша күмістетіліп құйылған.

Төменгі фланецтермен блоктар картерге бекітіледі, ал жоғарғы фланецтерге плитаның клапаны орнатылады.

Поршендер шатундарға болат цилиндрлік саусақпен жалғанған. Саусақтардың осьтік қозғалуынан поршеньдерде тоқтатқыш сақиналармен ұсталады.



5 Сурет – Поршень

– Осьтік желдеткіш картерде орнатылатын кронштейнге бекітіледі. Осьтік желдеткіш цилиндрлер мен тоңазытқыштың салқындатуын интенсификациялауға арналады. Белдіктің керілуі керме бұрандамен жүзеге асырылады.

1.4 Бұйымның құрамдас бөліктерінің құрылысы және жұмысы

– Тоңазытқыш

Төрт жүрісті аралық радиатор түріндегі тоңазытқыш, түтікшелер арқылы өтетін сығылған ауаны салқындатуға арналған. Желдеткішпен жасалған ауа ағыны түтікшелердің сыртынан құбыр шоғырына перпендикуляр жуылады, бұл қысылған ауаны 40 - 60°C температураға дейін салқындатуды қамтамасыз етеді.

Тоңазытқыштың тіректеріне диффузор бекітіледі, оның құбырында желдеткіштің жұмыс дөңгелегі орналастырылады. Диффузор тоңазытқыштың барлық бетіне ауа бағытын жасайды.

Төменгі қақпақтарға компрессорды үрлеу жүйесінің түтіктері бекітіледі.

– Құбыр жүйесі (газ құбыры)

Құбырлардың жүйесі компрессордың I және II сатыларын тоңазытқышпен және кері клапанмен қосуға арналған және құйылған келтекұбырлардан, иіннен және оларға дәнекерленген фланецтері бар болат құбырлардан тұрады.

– Кері клапан II сатының айдау келте құбырында орнатылады және компрессор тоқтаған кезде, компрессордағы қысым төмендегенде, реттеу режимінде, айдау магистралінен компрессорға газ ағынын болдырмау үшін қызмет етеді. Кері клапан тұрақты ашық типті негізден, корпустаң, серіппеден және пластинадан тұрады.



6 Сурет - Кері клапан

– Сақтандыру клапандары

I және II сатылы сақтандырғыш клапандар конструкциялары жағынан бірдей болады және серіппелердің қаттылығымен ерекшеленеді.

Сақтандыру клапаны клапаннан, тіректен, корпустан, қалпақтан, серіппеден және сақинасы бар штоктан тұрады.

Клапан корпус төлкесінің конустық бетіне серіппемен қысылады. Басу күші (клапанды реттеу) қақпақпен жүргізіледі. Сақинасы бар шток желідегі қысым кезінде қолмен сынау үшін, номиналға жақын және қажет болған жағдайда клапанның қол үзілуі үшін қызмет етеді.

I сатының қақпағында орнатылған I сатының сақтандырғыш клапаны I сатының қысымының жоғарылауы кезінде атмосфераға ауаны айдау үшін қызмет етеді, бұл II сатының клапандарының ақаулығынан туындауы мүмкін.

II сатының қақпағында орнатылған II сатылы сақтандырғыш клапаны қысылған ауаның шығынын азайту және өнімділікті реттеу жүйесінің ақаулығы салдарынан ауа жинағыштағы қысымның жоғарылауы кезінде ауаны оталау үшін қызмет етеді.

I және II сатының сақтандырғыш клапандары іске қосылу қысымына (2,4 – 0,1) және (9 - 0,2) кгс/см² тиісінше реттелген және пломбаланған.

– Өнімділікті реттеу жүйесі

Өнімділікті реттеу жүйесі компрессор автоматикасы жүйесінің бір бөлігі болып табылады және компрессор өнімділігінен аспайтын ауаның орташа шығыны кезінде берілген шектерде ауа жинағыштағы ауа қысымын ұстап тұруға арналған.

Ауа шығыны компрессордың өнімділігінен асып кетсе, айдау желісіндегі қысым төмендейді; шығын қысқарғанда қысым көтеріледі. Өнімділікті реттеу ауа жинағыштағы ауа қысымының өзгеруі бойынша жүзеге асырылады.



7 Сурет - Сақтандыру клапаны

– Реттеу жүйесі ауа жинағыштағы ауа қысымын бақылайтын және компрессордың автоматикасы жүйесіне электр сигналын беретін, электрлік

сигналды пневматикалық және атқарушы органға айналдыратын түрлендіргіш құрылғыны қамтиды.

– Датчик ретінде аспаптар қалқанында орнатылған қысым релесі, орындаушы органға басқарушы ауаны ашатын - электромагниттік вентиль түрлендіргіш құрылғы ретінде пайдаланылады. Атқарушы орган - II сатылы айдау келте құбырында орнатылған қайта іске қосу клапаны болып табылады.

4ВУ - 5/9 компрессорында компрессорды түсірумен және II сатыны қысудан I сатыны соруға (компрессорды тоқтатпай) ауаны жіберу арқылы электр қозғалтқышты тоқтату арқылы ауа шығынына байланысты өнімділікті реттеудің екі тәсілі қарастырылған. Реттеу әдісін таңдау, басқару қалқанындағы ауыстырып қосқышпен жүзеге асырылады.

– Ауа жинағышындағы ауа қысымын 0,80 - 0,83 МПа (8,2 - 8,5 кгс/см²) дейін арттыра отырып, қайта жіберу өнімділікті реттеу тәсілін таңдау кезінде қысым релесінің сигналы бойынша тек қана дыбыс үрлеудің электромагниттік вентилі және қайта жіберу клапанына ауа беруді ашатын ЭВ1 түсіру вентилі қосылады.

Егер сығылған ауаны тұтыну аз болса, онда қысқа мерзімді жабдықты жеткізу және олардың аралықтары ұзақ болады. Бұл жағдайда өнімділікті басқаруды тоқтату ұсынылады. Тоқтатуды реттеу ең үнемді шешім болып табылады.

Сығылған ауаны тұтынудың артуына байланысты, ұзақ уақыт бойы жеткізу және қысқа аялдамалар болған кезде, айналмалы жолдарды пайдалану үнемді болады, себебі жиі аялдамалар мойынтіректер мен басқа компоненттердің тозуын арттырады.

1.5 Компрессорды автоматты басқару және авариялық қорғау жүйесі

Автоматты басқару және авариялық қорғау жүйесі компрессордың электр жетегін, үрлеу және түсіру вентилдерін басқаруға, компрессорды бақыланатын параметрлердің авариялық күйінен қорғауға, сондай - ақ авариялық жағдай кезінде компрессорды жұмысқа қосу және тоқтату туралы сигнал беруге арналған.

Автоматтандыру жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

а) ауа жинағышындағы ауаның қысымы 0,61 - 0,64 МПа - ға (6,2 - 6,5 кгс/см²) дейін төмендеген кезде қысым қосқышының сигналына сәйкес компрессордың автоматты түрде іске қосылуын;

б) компрессордың тазалау және түсіру мезгілде тоқтап тұрып, сыйымдылықты басқаруды таңдаған кезде ауа қысымы 0,80 - 0,83 МПа (8,2 - 8,5 кгс/см²) дейін көтерілгенде компрессордың автоматты түрде тоқтауын.

в) II сатыны қысудан I сатыны соруға қайта жіберу өнімділігін реттеуді (қысым 0,80 - 0,83 МПа (8,2 - 8,5 кгс/см²) дейін көтерілген кезде қайта қосуды

қосу) және қысым 0,61 - 0,64 МПа (6,2 - 6,5 кгс/см² дейін төмендеген кезде компрессорды жүктеу));

г) үрлеу мен түсіруді бір мезгілде қоса отырып, I немесе II сатыда ауа температурасына 180°C - тан жоғары жеткен кезде компрессордың авариялық тоқтауын;

д) компрессордың электр қозғалтқышын қосу туралы жарық дабылын;

е) компрессорды авариялық тоқтату кезінде оны тудырған себептерді көрсете отырып, дыбыстық және жарықтық сигнал беруін;

ж) басқару қалқанынан кнопкамен ұзақ жұмыс істеген кезде компрессорды қашықтықтан үрлеу мүмкіндігін;

з) авариялық сигнал берудің жарамдылығын тексеру мүмкіндігін;

и) басқару қалқанындағы "Іске қосу", "Тоқта" кнопкаларын қолмен басқару режимінде компрессордың іске қосылуын және тоқтатуын.

– Автоматика жүйесінің құрамы

Автоматты басқару және қорғау жүйесінің құрамына мыналар кіреді: бастапқы датчиктер; түрлендіргіш құрылғы; атқарушы құрылғылар; басқару және сигнал беру қалқаны (ЩУС); аспаптар қалқаны.

– Бастапқы датчиктер.

– Сигнал беретін электр контактілі манометрлік термометр герметикалық, манометрлік териосистемалы және термобаллоны, электр контактілі құрылғысы бар аспап болып табылады. Бақылау ортасының температурасының өзгеруін термобаллон арқылы термोजүйенің толтырғышымен қабылдайды және қысымның өзгеруіне айналады, оның әсерінен электрбақылау құрылғысы бақыланатын ортаның температурасын берілген іске қосу шегінің мәніне дейін арттыру кезінде тізбекті тұйықтайды.

– Қысым релесі орны бойынша ауа жинағышпен жалғанады. Аспаптың сезімтал элементі - сильфон (контактілі құрылғыға қысымның өзгеруін береді). Реле байланыстары шкала бойынша берілген жоғарғы мәнге дейін ауа қысымын жоғарылатқанда ажыратылады және төменгі мәнге дейін төмендегенде тұйықталады (бастапқы жағдайға қайтарылады).

– Түрлендіргіш және атқарушы құрылғы ретінде электромагнитті жетегі бар СВМ вентильдері пайдаланылады. СВМ бір вентилі қайта жіберуді реттеу кезінде қайта іске қосу клапанын басқаруға және автоматты тоқтату кезінде компрессорды босату үшін ауа ашады. Екінші вентиль арқылы компрессор мен тоңазытқыштың I сатысын үрлеу жүзеге асырылады.

– Басқару және сигнал беру қалқаны (ЩУС) датчиктерден сигнал алады және басқарушы және ақпарат беретін сигналдарды береді.

Басқару сигналдары компрессордың электр қозғалтқышының магнитті іске қосқышының тартқыш катушкаларына және компрессорды үрлеу мен түсірудің электромагниттік вентильдеріне әсер етеді.

– ЩУС - алдыңғы есікпен қорғалған конструкцияның металл қабырға шкафы.

Шкафтың есігінде аспаптар, басқару және сигнал беру аппаратурасы: В1 қоректендіру ажыратқышы; В2 басқару режимдерін ауыстырып қосқышы; В3 өнімділігін реттеу тәсілін таңдау қосқышы; қолмен басқару

режимінде компрессорды қашықтықтан іске қосуға арналған Кн1 түймесі; қолмен басқару режимінде компрессорды қашықтықтан тоқтатуға арналған Кн2 түймесі; компрессордың ұзақ жұмысы кезінде үрлеу үшін Кн3 түймесі; авариялық сигнал беруді тексеру үшін Кн4 түймесі; сигналдық жасыл шам (ЛЗ).

- қызыл сигнал шамдары (Л1 - Л2), I және II сатылардағы қызып кету туралы белгісі;

- компрессордың жұмыс уақытын есепке алу үшін - жұмыс уақытының есептегіші; сақтандырғыштар арналған.

- Шкаф ішінде: аралық реле; қоректендіру трансформаторы; түзеткіш құрылғы; шамдарды қосу және тексеру кезінде сигнал беру тізбектерін шешуге арналған диодтар; сымдарды қосуға компрессордан бөлек қызмет көрсетуге ыңғайлы биіктікте орнатылады және қосу схемаларына сәйкес аспаптар қалқанымен, іске қосу және атқару құрылғыларымен кабельдермен жалғанады. Басқару қалқанының жерге қосылуы үшін бүйірлік қабырғада оның жерге қосу бұрандамасы қарастырылған, жиынтық қысқыштар блогы монтаждalған.

- Аспаптар қалқаны алдыңғы есігі бар қорғалған металл шкаф болып табылады.

Шкафтың есігінде мынадай аспаптар монтаждalған: компрессордың I және II сатыларының қызуын бақылайтын электр түйіспелі (РТИРТ2) сигнал беретін манометрлік термометрлер; қысудың I және II сатыларынан кейін ауа қысымын көрсететін манометрлер; қартердегі май температурасын көрсететін және бақылайтын термометр. Қалқаның ішіне қысымның ауыстырып қосқышы (РД1) немесе осы түрдегі басқа құрылғы бар.

Аспаптардың қалқаны компрессордан бөлек (үш метрден аспайтын қашықтықта) орнатылады. Бұл ретте манометрлік электр контактілі термометрдің және оның термобаллонының орналасу биіктігінің айырмасы I м-ден аспауы тиіс.

Аспаптың қалқандарын жерге қосу үшін шкафтың бүйірлік қабырғасында жерге қосу бұрандамасы қарастырылған.

- Басқару тізбектерінің қоректенуі басқару қалқанына орнатылған түзеткіш құрылғыдан 24 В кернеудегі тұрақты токпен жүзеге асырылады. Компрессордың негізгі жұмыс режимі автоматты.

- Автоматты іске қосу кезінде сұлба жұмысы былайша жүзеге асырылады: ауа жинағышындағы қысым ең аз контактіге дейін төмендегенде РД1 қысым релесі тұйықталады, соның ішінде ҚТ реле - қайталағышын қосқанда.

- ҚТ релесі өзінің байланыстарымен К2 іске қосу релесінің катушкасына қуат береді:

- Қосу – К3 – К3 - К4 - К5 - К2 - минус. К2 релесі тізбектердегі өз контактілерімен: іске қосу сигналын есте сақтай отырып өздігінен блокталады; магнитті іске қосқыштың катушкасына қоректендіреді. Іске қосу, компрессордың электрқозғалтқышын, ал тізбектердегі қосалқы контактілерді қамтиды:

- ЭВ2 Үрлеудің электромагниттік вентилін және II сатының қайта өтуін (түсірілуін) басқаратын ЭВ1 электромагниттік вентилін ажыратады;
- компрессордың электрқозғалтқышының қосылғаны туралы сигнал беретін мотосағыштар есептеуішін, ЛЗ шамын қосады. Бұл іске қосу операциясы аяқталады.
- Компрессор ауа жинағышты толтыру үшін жұмыс істейді. 4ВУ - 5 /9 модификация компрессорды іске қосу кезінде К2 компрессорын іске қосу релесі тұтынушыда ЭВ3 вентилін басқаратын аралық К1 релесін қосады. Соңғысы компрессор жетегінің шинопневматикалық муфтасына ауаны ашады.
- Компрессорды автоматты тоқтату кезіндегі схеманың жұмысы (тоқтау өнімділігін реттеуді таңдау кезінде)
- Ауа жинағыштағы ауа қысымының жоғарылауымен ең жоғары тағайындалған шамаға дейін РД1 қысым релесінің түйіспелері ажыратылады. К3 релесі және байланыстар тізбегі, қоректену тізбегі, іске қосу релесі К2 токтан ажыратылады. Магнитті іске қосқыш өшіріледі. Магнитті іске қосқыштың қосалқы контактісі Э2 үрлеудің электромагниттік вентилінің қоректену тізбегін және Э1 электромагниттік вентилін ауыстырып түсіруді басқаратын тұйықтайды. Үрлеу және түсіру арқылы компрессорды автоматты түрде тоқтату болады. Вентильдер компрессордың әрекетсіздігі уақытында қосылып қалады және компрессорды кезекті автоматты іске қосқаннан кейін ажыратылады.
- 4ВУ - 5/9 компрессорында К2 іске қосу релесі тұтынушыда ЭВ3 вентилін басқаратын аралық К1 релесін ажыратады. ЭЭ3 вентилін ажыратып, өз кезегінде магистральдан компрессор жетегінің муфтасына қысылған ауаны жабады.
- Өткізу өнімділігін реттеу кезінде тізбектің жұмысы: ауа жинағышындағы ауа қысымы максималды деңгейге жеткенде, РД1 қысым релесінің контактілері ашылып; қысқа тұйықталу релесі өшіріледі және оның контактілері ЭВ2 тазалаудың электромагниттік клапандарының катушкаларына және ЭВ1 - ны түсіруге қосылады. Соңғысы, ашылғаннан кейін айналып өтетін клапанға ауаны жеткізеді.
- Компрессордың жұмысы басталады.
- Ауа жинағышындағы қысым ең аз деңгейге дейін төмендегенде ҚТ релесін қоса алғанда, РД1 байланыстары тұйықталады, соңғысы ЭВ1 және ЭВ2 вентильдерін ажыратады. Компрессор ауа жинағышты толтыру үшін жұмыс істейді.
- I сатыдан кейін ауа температурасын орнату мәніне дейін көтеру кезінде К4 аралық релесін қоса алғанда, тізбектегі манометрлік РТ1 термометрінің түйіспелері тұйықталады.
- Нәтижесінде үрлеу және түсіру арқылы компрессор тоқтайды. Авариялық сигнал мен бұғаттауды алу, сондай-ақ үрлеу және түсіру вентильдерін ажырату ВІ ажыратқышымен қалқанның қоректенуін өшірумен жүргізіледі.

- Осыған ұқсас электр контактілі РТ2 термометрінің сигналы бойынша ІІ сатының қызуы бойынша авариялық тоқтау кезінде схема іске қосылады.
- Дабыл шамы (Л1 - Л2) тексеріліп, қоңыраудың жұмысы Кн4 түймесін басу арқылы жүзеге асырылады.
- Дыбыстық дабыл 220 В айнымалы токпен жұмыс істейтін МЗ - 1 дауыстық қоңыраулармен қолданылуы мүмкін. Оларды басқару панелінің терминал блогымен байланыстыру қолданба диаграммаларында көрсетілген. Бұл жағдайда дабылды тексеру кезінде (Кн4 батырмасын басу) тек ЛТ, Л2 авариялық шамдары жанады.
- Ұзақ уақыт жұмыс кезінде компрессор Кн3 түймесін басу арқылы тазартылады.
- Компрессордың қолмен басқару функциясы Кн1 (Пуск) және Кн2 (Стоп) түймешіктерімен В2 «Қолмен» қосқыш күйімен орындалады. Қолмен басқару режиміне ауысқанда, компрессордың қорғауы өшірулі болғандықтан, техникалық қызмет көрсетуден кейін, сондай - ақ ұзақ уақыт әрекетсіздіктен кейін іске қосу кезінде тек алғашқы іске қосу кезінде қолмен басқаруды пайдалану қажет.

2 Есептеу бөлімі

2.1. Шатунның беріктігін есептеу

Шатунның негізгі өлшемдерін қабылдаймыз:

- шатун басы мен орталықтарының арасындағы қашықтық - $l = 245\text{мм}$;
- шатунның жоғарғы және төменгі бастарындағы ішкі құраушы цилиндрлік тесіктердің арасындағы қашықтық - $l_1 = 205\text{мм}$;

- шатунның дөңгелек жоғарғы басының сыртқы диаметрі - $d_2 = 50$ мм;
- шатунның дөңгелек жоғарғы басының ішкі диаметрі - $d_1 = 60$ мм;
- шатунның жоғарғы басының ұзындығы - $l_2 = 46$ мм;
- екiтавр - шатун қиылысы: $B = 50$ мм; $H = 60$ мм; $h = 40$ мм; $b = 20$ мм;

- шатун бұрандасының диаметрі - $d_6 = 24$ мм;

- шатун бұрандаларының саны - $i = 2$.

Шатун өзекшесіндегі қысу кернеуі:

$$\sigma_{сж} = \frac{P_z}{f_{min}}, \quad (2.1)$$

$$\sigma_{сж} = \frac{7992}{4,7} = 1700 \text{ кг} \cdot \text{с} / \text{см}^2 = 170 \text{ МПа},$$

мұнда f_{min} - шатун басының ең аз қиылысуы.

Күш P_z қысудан басқа, ұзына бойлық майысуды тудырады. Бұл жағдайда иілу деформациясы шатун ұзындығының жартысына таралады. Осындай тәсілмен:

$$\sigma_x = \frac{P_z}{f} + 0,000526 \frac{P_z \cdot l^2}{I_x}, \quad (2.2)$$

$$\sigma_x = \frac{7992}{4,7} + 0,000526 \cdot \frac{7992 \cdot 20,5^2}{5,292} = 2177 \text{ кг} \cdot \frac{\text{с}}{\text{см}^2} = 217,7 \text{ МПа}.$$

$$\sigma_y = \frac{P_z}{f} + 0,000526 \frac{P_z \cdot l_1^2}{4 \cdot I_y}, \quad (2.3)$$

$$\sigma_y = \frac{7992}{4,7} + 0,000526 \cdot \frac{7992 \cdot 24,5^2}{4 \cdot 3.885} = 1814 \text{ кг} \cdot \frac{\text{с}}{\text{см}^2} = 181,4 \text{ МПа}.$$

мұнда f - шатунның орта қиылысының ауданы:

$$f = (H - h) \cdot B + b \cdot h = (3 - 2) \cdot 2,5 + 1,1 \cdot 2 = 4,7 \text{ м}^2.$$

I_x және I_y - x және y осінің қиылысу инерциясының моменттері:

$$I_x = \frac{1}{12} [BH^3 - (B - h) \cdot h^3], \quad (2.4)$$

$$I_x = \frac{1}{12} \cdot [2,5 \cdot 3^3 - (2,5 - 2) \cdot 2^3] = 5,292 \text{ м}^4.$$

$$I_y = \frac{1}{12} [HB^3 - h \cdot (B - h)^3], \quad (2.5)$$

$$I_x = \frac{1}{12} \cdot [3 \cdot 2,5^3 - 2 \cdot (2,5 - 2)^3] = 3,885 \text{ м}^4.$$

Ең үлкен иілу моменті:

$$M_{max} = \frac{2}{9} \cdot \frac{Pl}{\sqrt{3}}, \quad (2.6)$$

$$M_{max} = \frac{2 \cdot 55,24 \cdot 24,5}{9 \cdot \sqrt{3}} = 1733,9 \text{ кг} \cdot \text{с/см} = 173,39 \text{ Н/м}.$$

мұнда P - инерцияның тең әсер ететін күштері:

$$P = \frac{ql}{2}, \quad (2.7)$$

Сонда

$$P = \frac{4,5 \cdot 24,5}{2} = 55,24 \text{ кг} \cdot \text{с} = 5,52 \text{ кН}.$$

мұнда q - ұзындығы 1 см шатун сырығы элементінің инерция күші:

$$q = f\gamma r \left(\frac{n}{300} \right)^3, \quad (2.8)$$

Сонда

$$q = 4,7 \cdot 7,85 \cdot 10^{-3} \cdot 11 \cdot \left(\frac{1000}{300} \right)^3 = 4,5 \text{ кг} \cdot \text{с/см} = 4,5 \text{ кН/м},$$

мұнда $\gamma = 7,85 \cdot 10^{-3} \text{ кг} \cdot \text{с/см}^3$ - шатун материалының үлес салмағы.
Шатун сырығында жиынтық кернеу деңгейлер болады:

$$\sigma = \frac{P_z}{f} + \frac{M_{max}}{W}, \quad (2.9)$$

$$\sigma = \frac{7992}{4,7} + \frac{173,3}{3,75} = 1747 \text{ кг} \cdot \frac{\text{с}}{\text{см}^2} = 174,7 \text{ МПа} \leq [\sigma] = 220 \text{ МПа},$$

мұндағы W - жоғарғы бастың ортасынан арақашықтыққа алынған шатунның қиылысуының кедергі моменті.

Шатунның жоғарғы басы күшпен үзілуді тексереді, бұл поршень желінген кезде пайда болады. Оны шартты түрде тең деп қабылдайды:

$$P_B = 20 \cdot \frac{\pi \cdot D^2}{4}, \quad (2.10)$$

Сәйкесінше:

$$P_B = 20 \cdot \frac{3,14 \cdot 14,5^2}{4} = 3303 \text{ кг} \cdot \text{с} = 33,03 \text{ кН}.$$

Шатунның жоғарғы бастарындағы кернеу:

$$\sigma_p = \frac{P_B}{2sl_2} = \frac{3303}{2 \cdot 0.5 \cdot 5} = 717 \text{ кг} \cdot \text{с/см}^2 = 71 \text{ МПа} \leq [\sigma_p] = 80 \text{ МПа}.$$

Онда

$$s = \frac{d_2 - d_1}{2} = \frac{6 - 5}{2} = 0,5 \text{ см}.$$

Шатунның жоғарғы басының салыстырмалы деформациясы мынадай формула бойынша анықталуы мүмкін

$$\delta = 0,017 \frac{P_B d_{cp}^2}{EI}, \quad (2.11)$$

$$\delta = 0,017 \cdot \frac{3303 \cdot \left(\frac{5+6}{2}\right)^2}{2 \cdot 10^6 \cdot 0,046} = 0,018 \text{ мм/см} \leq [\delta] = 0,05 \text{ мм/см}.$$

мұнда E – шатун басы материалының серпімділік модулі;

I - бастың қиылысу инерция моменті:

$$I = 0,01l_2(d_2 - d_1)^3 = 0,01 \cdot 4,6 \cdot (6 - 5)^3 = 0,046 \text{ м}^4.$$

2.2 Клапан тораптарының озық дизайнын есептеу

2.2.1 Компрессорлық клапанның цилиндрлі серіппесін есептеу

Серіппені есептеу кезінде негізгі параметрлер - орташа диаметрі D , сымның диаметрі d , айналым саны n , қадам h , бос күйдегі H_0 ұзындығы болып табылады.

Бір p , N серіппесімен дамитын, тозбаған жапсырмалар кезінде қосылған ілініс номиналды күшін анықтаймыз:

$$P = \frac{N}{z} = \frac{10776}{1} = 10776 \text{ Н},$$

мұнда $N = 10776$ - серіппенің жиынтық күші, Н;

z - серіппелер саны.

Қосылған тіркеу кезінде номиналды күш p өзінің максимумына жетеді P_{max} , Н:

$$P_{max} = P + c \cdot S = 673,49 + 74,832 \cdot 1,8 = 808,188 \text{ Н},$$

мұнда $S = 1,8$ - басу дискісінің жүрісі, мм;
 c - серіппенің қаттылығы, Н / мм:

$$c = \frac{0,2 \cdot P}{S} = \frac{0,2 \cdot 673,49}{1,8} = 74,832 \text{ Н/мм.}$$

Серіппенің номиналды және ең көп күші $P < [P]$ ($673,49 < 700 \text{ Н}$)
 $P_{max} < [P_{max}]$ ($808,188 < 1000$) ұсынылған шектерде жатыр.
 Серіппе сымының диаметрін анықтаймыз, D , мм:


$$d > \sqrt{\frac{9,6 \cdot k \cdot P}{\pi \cdot [\tau]}} \cdot \sqrt{\left(\frac{D}{d}\right)} = \sqrt{\frac{9,6 \cdot 1,304 \cdot 673,49 \cdot 5,1}{3,14 \cdot 800}} = 4,135 \text{ мм,}$$

мұнда k - коэффициент орамдардың қисықтығын ескереді:

$$k = \frac{4 \cdot \frac{D}{d} - 1}{4 \cdot \left(\frac{D}{d} - 1\right)} + \frac{0,615}{\frac{D}{d}} = \frac{4 \cdot 5,1 - 1}{4 \cdot (5,1 - 1)} + \frac{0,615}{5,1} = 1,304,$$

мұнда $\frac{D}{d} = 5,1$ - серіппенің орташа диаметрінің сым диаметріне қатынасы;

$[\tau] = 800$ – хромованадийлік болат үшін рұқсат етілетін жанама кернеулердің шамасы, МПа.



8 Сурет - Серіппені есептеу сұлбасы

Қажетті нормалармен қамтамасыз ету үшін максималды жанама реакциялардан $D = 5 \text{ мм}$ сымның диаметрін аламыз.

Содан кейін серіппенің орташа диаметрі D , мм:

$$D = d \cdot \frac{D}{d} = 5 \cdot 5,1 = 25,5 \text{ мм.}$$

N серіппенің жұмыс орамдарының санын анықтаймыз:

$$n = \frac{G \cdot S}{1,6 \cdot P} \cdot \left(\frac{d}{D}\right)^3 \cdot d = \frac{8 \cdot 10^4 \cdot 1,8}{1,6 \cdot 673,49} \cdot \left(\frac{5}{25,5}\right)^3 \cdot 5 = 5$$

мұнда $G = 8 \cdot 10^4$ - екінші текті серпімділік модулі, МПа.

nn серіппесінің орамдарының толық санын анықтаймыз, өйткені $n < 7$, онда:

$$nn = n + 1,5 = 5 + 1,5 = 6,5.$$

Толық қысылған серіппенің ұзындығын анықтаймыз H, мм:

$$H = (nn - 0,5) \cdot d = (6,5 - 0,5) \cdot 5 = 30 \text{ мм.}$$

Серіппенің қаттылығының мәнін нақтылаймын, Н/мм:

$$c = \frac{G \cdot d^4}{8 \cdot D^3 \cdot n} = \frac{8 \cdot 10^4 \cdot 5^4}{8 \cdot 25,5^3 \cdot 5} = 75,386 \text{ Н/мм.}$$

Серіппенің деформациясы анықталады:

- қосылған тіркеу кезінде

$$\lambda = \frac{P}{c} = \frac{673,49}{75,386} = 8,934 \text{ мм.}$$

- ажыратылған жағдайда

